

Бекітемін
«Иисар Компаниясы» «Ар-Дана»
Балалар бақшасы
Меңгеруші: *Сағиндыкова. З.Ж.*
«31» «тамыз» 2021 жыл



Мектепалды «Қарлығаш» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған

Тақырыбы: «Қалыптан тыс илеу әдісі»

Тақырыбындағы вариативтік компонентінің тақырыптық жоспары

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Қалыптан тыс илеу әдісі»

Мектеп алды даярлық «Қарлығаш» тобы

2021-2022 оқу жылы

Мүсіндеудің мақсаты:

Мүсіндеудің бала тәрбиесінде алатын маңызы өте зор.

Мүсіндеу арқылы баланың саусақ маторикалары дамиды, ой-қиялы артады, эстетикалық талғамдары қалыптасады.

Мазмұны:

Сазбалшықтың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру: сазбалшық жұмсақ, бөліп алуға, илеп мүсіндер жасауға болады.

Сазбалшық, қамыр кесектерінен үзу, жұлу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндеуге үйрету,

Кесекті алақан арасында және жазықтықта түзу және домалақтау арқылы илеу іскерліктерін жетілдіру.

Мүсіндеуді сазбалшықпен, тұзды қамырмен пайдалануға болады. Соның ішіндегі тұзды қамырды пайдаланудың ерекшелігі басым түседі. Көп шығын шығармай, өзіңізге керек уақытта дайындап алуға болады. Мүсіндегенде қолға жабыспайды. Кептіруге болады. Боялған қамырмен жұмыс істеуге болады, дайын мүсінге сурет салуға қолайлы. Тұзды қамырдан жасалған ойыншықтармен қорықпай ойнауға болады. Тұзды қамырдан мүсіндеу жасау балабақша тәрбиеленушілеріне өте қолайлы.

2	Сазбалшық еліне саяхат
3	Сазбалшықтан мүсінделіп, бояулар-мен сәнделген ғажап ойыншықтар әлемі(Филимонов ойыншықтарының үлгісі бойынша)
4	Үлкен және кіші саңырауқұлақтар (Тұзды қамырмен)
5	Әдемі моншақтар (Тұзды қамырмен)
6	Көкөністер, жемістер (полимерлік саз)
7	Торғай (Сазбалшықпен)
8	Қыш шеберханасына саяхат (Сазбалшықпен)
9	Торсық (Сазбалшықпен)
10	Ормандағы кірпілер (Сазбалшықпен)
11	Тұзды қамырдан балық жасау (Тұзды қамырмен)
12	Анама арнап тәтті прэндік пісіремін қамырмен (Тұзды қамырмен)
13	Құс (Сазбалшықпен)
14	Әдемі қуыршақ (Сазбалшықпен)
15	Бұғы (Сазбалшықпен)
16	Мысық (Сазбалшықпен)
17	«Шыршаға арналған ойыншықтар» (Тұзды қамырмен)
18	Қой (Тұзды қамырмен)
19	« Аққала» (Тұзды қамырмен)
20	Жүйрік ат (Полимерлік саз)
21	Құмыра (Сазбалшықпен)
22	Үй салатын бөрене (Тұзды қамырмен)
23	« Түлкі мен шәркей» ертегісі бойынша сюжетті мүсіндеу. (Сазбалшықпен)
24	Көңілді күшік. (Сазбалшықпен)
25	Құлпынай» (Полимерлік саз)
26	«Жүзік(Тұзды қамырмен)
27	«Гүлді алма ағашы» (Полимерлік саз)
28	Полимерлік саздан ұлттық нашықтағы әшекей бұйымдар жасау (Полимерлік саз)
29	«Әдемі табақ» (Сазбалшықпен)
30	«Тиін жаңғақ кеміреді» (Сазбалшықпен)
31	Асығым алшысынан түспі, сазбалшықпен асықты мүсіндеу (Сазбалшықпен)
32	«Ұшақ» (Полимерлік саз)
33	Көбелек(Тұзды қамырмен)
34	«Добым, добым дөңгелек, Тоқтамайсың дөңгелеп.Допты мүсіндеу» (Полимерлік саз)
35	Портрет (Тұзды қамырмен)
36	Кірпі отбасымен (Полимерлік саз)

Тақырыбы

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Қалыптан тыс илеу

Тақырыбы: « Полимерлік саздан ұлттық нашықтағы әшекей бұйымдар жасау»

Максаты: Қазақтың ұлттық бұйымдарымен таныстыру. Қазақтың ұлттық бұйымдары – түпсіз терең дария. шашбау, шолпы, алқа, сақина, сырға, т. б. түрлері өте көп. Олардың әрқайсысының өзіндік мән – мағынасы бар.

Қолданылатын көрнекі құралдар : Қазақ халқының ұлттық ою - өрнектері сәнді қолданбалы бұйымдары, зергерлік бұйымдар жайында слайд суреттер
Полимерліксаз, тақтайша, саз кесетін арнайы пышақ.

Тәрбиеші: Балалар бір аптада неше күні бар?

Балалар, біздер өткен іс-әрекетімізде нені жасадық? Қане, бәріміз есімізге түсірейік. Ал енді бүгін біздер жүзікті полимерлік сазбен мүсіндейміз және оны бояумен бояйық. Сонда мүсіндеген жүзігімізді әжемізге сыйлаймыз. Ал, мына жерде зергерлер бұйымы көп екен, сендер нені көріп тұрсыңдар? Бұны кімдер тағады?

Бұл жерді не деп атаймыз?

Дүкендегі заттарды кімдер сатады?

Балалар, сендерге не ұнады?

Тәрбиеші: Алдымен, сендер қалай жасалу жолдарын түсініп алыңдар, әуелі полимерлік сазды жақсылап араластырып аламыз, сонда дайын болады. Енді одан жүзікті , алақанымызды арасына салып жұмсартып алып, оны ұзынша етіп аламыз. Соны екі саусағымыздың ұшымен екеуін біріктіреміз. Сонда жүзігімізді мүсіндедік. Енді өзіміздің қалаған бояуымызбен бояймыз. Боямас бұрын қылқаламның ұшымен жұқалап бояймыз. Боялған соң қылқаламның ұшын жуып қоямыз, ал қолымызды шүберекпен сүртеміз.

Балалар, біздер не жасадық, зергерлер, шеберлер деген кімдер?

Олар не жасайды? Зергерлік бұйымдар сендерге ұнай ма? Ойын : «Сақина» ойынымен аяқтау.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Қалыптан тыс илеу

Тақырыбы: «Қой »

Максаты: қой туралы білімдерін кеңейту

Қолданылатын көрнекі құралдар : қойдың суреттері

Қамыр , тақтайша, қамыр кесетін арнайы пышақ.

-Балалар, суреттен не көріп тұрсыңдар?

-Дұрыс қой.

-Біздің топта қойдың ойыншығы бар ма?

Тәрбиеші: Қойды мүсіндеудің алдында қамырмен жұмыс жасау ережелерін есімізге түсірейік.

Ережені еске түсіреді.

Сергіту сәті:

Бойынды бүкпей тік ұста,

Еркін тұрып тыныста.

Жай сол қолды сол жаққа,

Қолды айналдыр бұлданбай

Екі шенбер сызғандай

Бір жаттығып байқа да

Он шақты рет қайтала

Ал енді балалар орнымызға отырып, қамырмен қойды мүсіндейік.
Түсіндіру, көрсету

Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.

-Мүсіндеген қойлардан көрме ұйымдастыру.

Балалар біз нені мүсіндедік?

-Не туралы әңгімелестік?

-Ұйымдастырған көрмені талдау.

Балаларды мадақтау.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Қалыптан тыс илеу

Тақырыбы: «Портрет »

Максаты: портрет туралы білім беру

Қолданылатын көрнекі құралдар : портреттер әр түрлі суреттер қамыр, тақтайша, қамыр кесетін арнайы пышақ.

Балалар тәрбиешімен бірге өлең жолдарын қайталайды.

Ормандар мен далалар.

Достасқан бар балалар.

Біздің бала бақшамыз.

Жора-жолдас, ұл мен қыз!

-Балалар, суреттен не көріп тұрсыңдар?

-Дұрыс отбасыны

-Сендердің отбасыларың бар ма?

-Отбасына кімдер жатады?

-Өз отбасыларын туралы айтып беріңдерші.

Тәрбиеші Балалар қане қамырмен жұмыс жасау ережелерін еске түсірейік.

Тәрбиеші . Жасау жолдарын көрсетіп түсіндіріп береді

Сергіту сәті:

Қанат қағып ұшамыз.

Қарлығаштай қалықтап,

Бір отырып, бір тұрып,

Жаттығулар жасаймыз.

-Серігіп алдық, ал енді орнымызға отырып, қамырмен отбасымыздың портретін әдемі безендірейік

-жасаған портреттерінен көрме ұйымдастыру.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Қалыптан тыс илеу

Тақырыбы: «Жүйрік ат. »

Максаты: Полимер мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін сақтай отырып жүйрік атты мүсіндеу, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар : интерактивті тақта.
полимерсаз, тақтайшаға, сулы орамал алжапқыш, кескіш құрал.

Балалар тәрбиешімен бірге өлең жолдарын қайталайды.

«Түйе, жылқы, сиыр, қой –

Төрт түлкі осы біліп қой»

Аяғым тұлпар – жылқымын,

Мақтанымын жұртымның.

Ерге қанат тұлпар – мен,

Қай түлкі келер маған тең?!

Сүтім – қызымыз, етім – ем,

Білесің бе, оны сен?

(Қ,Қайым.)

Тәрбиеші Біздің аталарымыз күні бүгінге дейін жылқының көмегін пайдаланады, сүтін ішеді, көлік ретінде пайдаланады, бәйгеге қосады. Жылқы ең жүйрік жануар, оның сүтінен қымыз дайындалады. Біз бүгінгі мүсіндейміз.

Тәрбиеші суретке қарап әңгіме жүргізеді.

Тәрбиеші . Жасау жолдарын көрсетіп түсіндіріп береді

1 Қоңыр түсті полимерсазды алып, екіге бөліп, алақанымызға салып жылқының денесін сопақша тәріздес қылып жасаймыз.

2 Сол дене бөлігінен кескіш құрал көмегімен бөліп, шымшып созу, тегістеу арқылы аяқтарын шығарамыз.

3 Полимерсаздың бір бөлігінен иіп, созу, дөңестеу, сылау тәсілдері арқылы ұзартып мойнын, басын шығарамыз.

4 Бас бөлігінен шымшу арқылы жалын шығарамыз, кескішпен бедерлейміз.

5 Полимерсаздан кішкене бөлігінен екі құлағын жасаймыз, бас бөлігіне жапсырамыз.

Соңынан жылқының құйрығын жасаймыз
(балалардың өз ойлары, шығармашылығы

бойынша).

5 Жинақтау. Дайын болған аттың бөліктерін шымшып жапсыру арқылы бір-біріне бекітіп, аттың бейнесін шығарамыз.

Тәрбиеші Балалардың жасаған заттарын мадақтап, көрмеге қояды.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Қалыптан тыс илеу

Тақырыбы: « Құмыра »

Максаты: ыдыстар туралы түсініктерін кеңейтіп, құмыраны сазбалшық пен жасау әдіс-тәсілдерін үйрету ұсақ қол моторикасын қимылдарын дамыту.

ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа, әдемілікті сезе білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар : құмыра, түрлі түсті сазбалшық, тақтайша, қағаз сүлгі, құмыраның суреті

Балалар тәрбиешімен бірге өлең жолдарын қайталайды.

Кел, балалар, күлейік,

Күлкіменен түлейік!

Күлкі көңіл ашады,

Күліп өмір сүрейік!

Кел, балалар, күлейік

Тәрбиеші Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен сендерге сиқырлы құмыра әкелдім.

- Балалар, әжейдің әкелеген құмырасын ұстап көрейікші.

Осындай құмыраны бәріміз бірге жасап көреміз бе?

Құмыраның мойны жіңішке, бүйірі домалақ болып келеді. Әдемі әшекейленген.

Тәрбиеші балаларға құмыра туралы түсінік береді және жасау жолдарын көрсетіп түсіндіріп береді

- Алақанға сазбалшықты салып, домалақ пішін жасаймыз, оны жалпақтаймыз.

Бұл – құмыраның түбі. Сазбалшықты бірнеше бөліктерді тақтайшаға қойып есеміз. Есілген сазбалшықты біртіндеп табанын айналдыра орналастырамыз.

Бүйірін шығарамыз. Мойын жағына қарай жіңішкерте түсеміз. Сыртын әшекейлеу үшін алдымен кептіріп аламыз

Сергіту сәті:

Бес саусақ

Бас бармағым – атам,

Балаң үйрек – әжем,

Ортан терек – әкем,

Шылдыр шүмек – шешем,

Титтей бөбек – мен.

Балалар, енді жасаған құмырамызды көрмеге қояйық

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Қалыптан тыс илеу

Тақырыбы: « Үй салатын бөрене»

Максаты: Тұзды қамырдан есу тәсілі арқылы сопақша пішінді жасауға үйрету. Саусақ қимылы - қозғалыстарының ептілігін қалыптастыру. Іс - әрекетке деген қызығушылықтарын дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар : Бөрененің дайын үлгісі, тұзды қамыр, төсеніш, сүрткіш.

Тәрбиеші Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Бүгін біз тұзды қамырдан бөренені мүсіндейміз. Бөрене дегеніміз не? Ол қай жақтан келеді екен?

Ол - ағаш, орманда өседі. Артық бұтақтарын кесіп тастап үй салуға пайдалануға құрылыс материалдарын дайындайды.

Оны отын ретінде пайдаланамыз. Осы ағаштардан қағаз жасалады екен. Орманда өсетін қандай ағаштарды білесіңдер?

Емен деген ағаш, ол өте қатты ағаш екен. Біздің осы отырған орындықтарымыз, киім салатын шкафтарымыз сол емен ағаштарынан жасалады екен.

Балалар мына бөренелерге қарайықшы, мына бөрене ағаштан алынған.

Бұл бөрене ағашты өңдеп үй салуға дайындаған екен. Бүгін біз тұзды қамырдан бөрене мүсіндейміз.

Тәрбиеші . Жасау жолдарын көрсетіп түсіндіріп береді

Тұзды қамырды оң қолымызбен алып,екі алақанымызға салып, есу тәсілі,арқылы ұзынша етіп мүсіндейміз.

Оң қолымыздың сұқ саусағымен екі басын тегістейміз
Бөренені қалай мүсіндедік?

Балаларды мадақтау

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Қалыптан тыс илеу

Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» ертегісі бойынша сюжетті мүсіндеу .

Максаты: Тұзды қамырдан есу тәсілі арқылы Түлкі мен тырна ертегісінің кейіпкерлерін мүсіндеу. Геометриялық фигуралар арқылы , дене бөліктерін ретімен мүсіндеу жолдарын үйрету, қызығушылықтарын арттыру, ой-қиялын дамыту, дала жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар : Тұзды қамыр, ұнтаспа баяу әуенді күйтабақ.

Тәрбиеші. Баяу әуен қойып, балаларға көздерін жұмғызып, Ертегілер әлеміне саяхатқа шығуды ұсынады. Түлкі мен тырна »ертегісін сұрақ-жауап арқылы айтқызады.

Тәрбиеші. Сұрақтар көмегімен «Түлкі мен тырна ертегісін еске түсіреді. Балалардың толық жауап беруін, анық, байланыстыра сөйлеулерін қадағалайды.

- Бүгін біз Түлкі мен тырна »ертегі кейіпкерлерін тұзды қамырмен мүсіндейміз. Тұзды қамырмен жұмысты бастау барысында негізгі элемент үшбұрыш пен дөңгелек болатынын айтып береді Түлкі мен тырна »суретіне қарап, оның дене бөліктеріне: басы, құлағы, көзі, денесі,құйрығы, аяғы т.б. талдау жасайды.

Тәрбиеші . Жасау жолдарын көрсетіп түсіндіріп береді.Ең алдымен денесін, басын, содан кейін аяқтарын, құйрығын тұзды қамырмен мүсіндеуді ұсынады.

Түлкі мен тырнаға» қандай қамқорлық жасау керектігін айтып береді.

Тәрбиеші жұмбақ жасырады.

Өзі ширақ,өзі қу

Жүрген жері айқай-шу? (түлкі)

Сирағы ұқсас қамысқа

Мойыны имек сорайған

Қауқиған кім алыста

Қарақшыдай қарайған?(тырна)

Тәрбиеші балалардың жұмысына талдау жасайды, мақтайды және мадақтайды. Балалардың әңгімелеріне орай кімнің дала жануарларына өте жақсы қамқорлық жасайтынын айтады

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Қалыптан тыс илеу

Тақырыбы: «Көңілді күшік»

Максаты: Сазбен мүсіндеу дағдыларын жалғастыру. Балаларды әртүрлі көлемдегі цилиндрді біріктіру арқылы жұмысты жасауды үйрету. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар : сазбалшық, тақтайша, таяқша, қолорамал

Жұмбақ жасыру.

Адамға серік,

Күзетке берік.

Күшіктің суретін көрсетіп, балалармен бірге

күшіктің дене құрылысын анықтау. Денесін, басын, аяқтарын әртүрлі көлемдегі цилиндрден мүсіндеуге болатынын түсіндіру.

Тәрбиеші . Жасау жолдарын көрсетіп түсіндіріп береді

Саздан күшіктің жасалу жолдарын рет-ретімен түсіндіріп көрсетеді

1. Бір кесек сазды бірнеше бөлікке бөліп аламыз.

саздан домалақтап басын, цилиндр пішінінде мойнын денесін, шұжық пішінінде аяқтарын /4 дана/, құйрығын, сопақша пішінде құлақ-тарын саздан жасап аламыз.

3. Домалақтап жасалған басын аздап созып, күшіктің тұмсығының пішінін келтіреміз.

4. Кеудесіне күшіктің мойнын, басын біріктіріп, біріктірілген жігін тегістейміз.

5. Аяқтарын денесіне біріктіріп, төмен жағын аздап иіп, табанын шығарып аламыз.

6. Құйрығын жапсырып біріктіреміз.

7. Денесіндегі дақтарын жапсырамыз.

8. саздан мұрны мен көзін жасап алып, бас бөлігіне жапсырамыз.

Д/о. «Үй жануарлар мен дала жануарларды ажырат».

Максаты . Ойлау қабілеттерін дамыту.

-Балалар біз бүгін не жасадық?

-Күшік ненің баласы? Тәрбиеші балалардың жұмысына талдау жасайды, мадақтайды.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Қалыптан тыс илеу

Тақырыбы: «Құлпынай»

Максаты: Балалардың мүсіндеуге деген қызығушылықтарын және еңбек етуге құштарлықтарын арттыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қимылын жетілдіру, балаларды өздерінің жақын адамдарына жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар : полимерлік саз
,тақтайша,таяқша,қолорамал

Ғажайып сәт

-Балалар, бүгін біздің сүйікті ойыншығымыз қоңыр қонжыққа арнап құлпынай жасаймыз.

Тәрбиеші қоңыр қонжықты көрсетіп, тақпақ оқып береді:

Ақ қонжыққа не керек?

Қоңыр қонжыққа не керек?

Сүт пен айран іше ме?

Құрт пен майды жей ме?

-Балалар, қонжықтың тәтті тағамы жидек екенін білесіңдер ме? қонжықтың себетіне сүйікті жидегін салып беруге көмектесеміз бе? Ендеше өз қолымызбен полимерлік саздан құлпынай мүсіндеп қонжыққа сыйлайық.

Тәрбиеші: балалардың назарын тақтағы көрнекі құралға және үлестірмелі материалдарға аударады.

-Бәріміз тақтаға қараймыз.

-Құлпынайдың көлемі қандай?

-Түсі қандай?

Тәрбиеші: балалардың назарын өзіне аударып, мүсіндеу ретін түсіндіріп, өзі көрсетеді.

-Қызыл түсті сазды алып, бөлшектерге бөлеміз. Бөлінген бөлшектерден шымшып алу әдісімен кішкене бөлігін үзіп аламыз. Енді алақанымызға салып, ырғақпен домалатамыз.

-Балалар, бәріміз қолымыздағы мүсінді көрсетейік. (Тәрбиеші өзі жасаған жұмысын қолына ұстап, балаларға көрсетеді.)

Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.

-Мүсініміз құлпынайға ұқсай ма?

-Сонымен қонжықтардың сүйікті қорегі не екен?

Сергіту сәті:

Қолды оңға созамыз,

Қолды солға созамыз.

Бір орында секіріп,

Біз демалып аламыз.

-Балалар, сендерге қонжық рақметін айтуда. Өйткені сендер бүгінгі тапсырманы жақсы орындадыңдар.

Тәрбиеші балалардың жасаған жұмыстарын жинап алып, ата-аналарға көрсету үшін ұжымдық көрме ұйымдастырады.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: вариативтік компонент

Білім көздері: Қалыптан тыс илеу

Тақырыбы: «Жүзік»

Максаты: Балаларға тұзды қамырмен зергерлік өнер туралы түсінік беру.

Сөздік қорларын бейнелі дұрыс жеткізе білу іскерліктерін, шығармашылық қиялдарын дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар : тұзды қамыр, тақтайша, қылқалам сүлгі

Тәрбиеші .Балалар, жылдың неше мезгілі бар? Аптаның неше күні бар?
Балалар, біздер өткен іс-әрекетімізде нені мүсіндедік? Қане, бәріміз есімізге түсірейік. Нені мүсіндедік? Ал енді бүгін біздер жүзікті мүсіндейік және оны бояумен бояйық. Сонда мүсіндеген жүзігімізді әжемізге сыйлаймыз.

Ал, мына жерде зергерлер бұйымы көп екен, сендер нені көріп тұрсыңдар?

Бұны кімдер тағады?

Бұл жерді не деп атаймыз?

Дүкендегі заттарды кімдер сатады?

Балалар, сендерге не ұнады?

Алдымен, сендер қалай жасалу жолдарын түсініп алыңдар.

Тәрбиеші: балалардың назарын өзіне аударып, мүсіндеу ретін түсіндіріп, өзі көрсетеді.

Әуелі қамырымызды жақсылап араластырып оны тұзға былғаймыз, сонда тұзға былғанған қамырымыз дайын болады. Енді одан жүзікті мүсіндейік, алақанымызды арасына салып жұмсартып алып, оны ұзынша етіп аламыз. Соны екі саусағымыздың ұшымен екеуін біріктіреміз. Сонда жүзігімізді мүсіндедік. Енді өзіміздің қалаған бояуымызбен бояймыз. Боямас бұрын қылқаламның ұшымен жұқалап бояймыз. Боялған соң қылқаламның ұшын жуып қоямыз, ал қолымызды шүберекпен сүртеміз.

Балалар, біздер не жасадық, зергерлер, шеберлер деген кімдер?

Олар не жасайды? Зергерлік бұйымдар сендерге ұнай ма? Ойын : «Сақина» ойынымен аяқтау.

